

Ақмола облысының су объектілерінде көпшіліктің демалуына, туризм және спорт үшін орындар белгілеу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2025 жылғы 13 қарашадағы № А-11/589 қаулысы

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125-бабына, сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақмола облысының су объектілерінде көпшіліктің демалуына, туризм және спорт үшін орындар белгіленсін.

2. "Ақмола облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында көпшіліктің демалуына, туризм және спорт үшін орындар белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № А-11/591 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 25424 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің міндетін атқарушы

Е.Рамазанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті

Ақмола облысының санитариялық-эпидемиологиялық

бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және

ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу,

қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын

қорғау және реттеу жөніндегі Ертіс

бассейндік су инспекциясы" республикалық

мемлекеттік мекемесі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Су ресурстары және

ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу,

қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын

қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Есіл

бассейндік су инспекциясы" республикалық

мемлекеттік мекемесі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және
ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу,
қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын
қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі
Нұра-Сарысу бассейндік су инспекциясы"
республикалық мемлекеттік мекемесі
"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Экология және
табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық
реттеу және бақылау комитетінің Ақмола
облысы бойынша экология департаменті"
республикалық мемлекеттік мекемесі

Ақмола облысы әкімдігінің
2025 жылғы 13 қарашадағы
№ А-11/589 қаулысына
қосымша

Ақмола облысының су объектілерінде көпшіліктің демалуына, туризм және спорт үшін орындар

№	Су объектісінің атауы	Көпшіліктің демалуына, туризм және спорт орындары	Ауылдық округ, жақын елді мекен
Степногорск қаласы			
1	"Сопка-305" су айдыны	азаматтардың жаппай демалуы үшін пайдаланылатын су объектісінің бөлігі	Степногорск қаласының шекараларында
Қосшы қаласы			
1.	Сарқырама өзені	"Таза тоғандар" демалыс аймағы	Қосшы қаласы
Аршалы ауданы			
1.	Табиғи су айдыны	"Бейбарыс" демалыс базасының жағажайы	Жібек жолы ауылдық округі, Жібек жолы кенті
2.	Жалтыркөл көлі	"Golden fish" демалыс базасының жағажайы	Жібек жолы ауылдық округі, Жалтыркөл ауылы
3.	Табиғи су айдыны	"Столичные раки" демалыс аймағының жағажайы	Жібек жолы ауылдық округі, Жібек жолы кенті
4.	Есіл өзені	"Primevill" демалыс аймағының жағажайы	Жібек жолы ауылдық округі, Жібек жолы кенті

5.	Жалтыркөл көлі	"Динара" демалыс аймағының жағажайы	Жібек жолы ауылдық округі, Жалтыркөл ауылы
6.	Жалтыркөл көлі жеке	"Demal Life" демалыс аймағы	Жібек жолы ауылдық округі, Жалтыркөл ауылы
Бурабай ауданы			
1.	Щучье көлі	"Park Hotel Kokshetau" демалыс базасының жағажайы	Щучинск қаласының шекарасында
2.	Щучье көлі	"Rixos Borovoe Hotel" базасындағы жағажай	Щучинск қаласының шекарасында
3.	Щучье көлі	"Пансионат Жұмбақтас" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Щучинск қаласының шекараларында, Бармашы орманшылығы, 47-кв., 45-телім
4.	Щучье көлі	"Цой С.И." жеке кәсіпкер	Щучинск қаласының шекараларында, Ақылбай орманшылығы 28-кв, 25, 37 телім
Зеренді ауданы			
1.	Зеренді көлі	"Aurora Garden" демалыс базасының жағажайы	Зеренді ауылының шекараларында
2.	Зеренді көлі	"Малик Ғабдуллин атындағы шипажай-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің демалыс базасының жағажайы	Зеренді ауылының шекараларында
3.	Зеренді көлі	"Парус" демалыс базасының жағажайы	Зеренді ауылының шекараларында
4.	Зеренді көлі	"Zeren Tour" демалыс базасының жағажайы	Зеренді ауылының шекараларында
Барлығы 16.			

Ескертпе: Ақмола облысының су объектілерінде көпшіліктің демалуына, туризм және спорт үшін орындардың иелері мен жалға алушылары өзгеруі мүмкін (жалдау мерзімінің аяқталуы, сату, қайта ұйымдастыру, тарату).